

АДНАН МЕНДЕРЕС ТУРАЛЫ АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ*

М.М.ИМАНГАЗИНОВ***

Ш.А.ҚЫЯХМЕТОВА****

Түйіндемe: Түркия премьер министрі Аднан Мендерес 1935 жылы қазақтың талантты, біртуар ұлы Ілияс Жансүгіровпен кездескен. Кездесуде Аднан Мендереске Ілияс көне түркі дәуірінде қазірде екі халық Алтай тауының бөктерінде бірге өмір сүрген туралы баяндайды. Сол кезеңнен бастап, екі елдің экономикалық, материалдық қарым – қатынас пен етене араласпаса да, тіл, мәдениет пен салт дәстүрлерінде ортақ жайттар болғаны анық. Оны ел арасындағы зерттеушілер мен ғалымдар айтып, оны өздерінің ғылыми жиындарында үнемі баяндама мен отырыс, симпозиумдарында тілге тиек еткенімен үлкен жиындарында тікелей, жан-жақты айтпаған. Бұл үрдіс солай болса да халық оны саясатқа байланысты жабулы қазан күйінде қалған. Оны Ілияс Жансүгіров біліп, оны Аднанға айтқан. Болашақта осы дерек Аднанға қазақ халқына үлкен көмек болғаны айтылған.

Тірек сөздер: Ақын, батыр, қамқорлық, патриот, саясат

The Truth and Myth about Adnan Menderes

Abstract: In 1935, Turkish Prime Minister Adnan Menderes met Ilyas Zhansugirov, a talented Kazakh. At the meeting, Ilyas told Adnan Menderes how the two peoples lived together on the slopes of the Altai Mountains during the ancient Turkic era. Ehat pore begins, two country economic, material connection relation and етене is mixed up and, language, culture and custom tradition general circumstance is is clear. me country interval researcher and scientist talks, me өздерінің scientific collection economy lecture and meeting, a mare симпозиумдарында language does large collection direct, detailed talks. It tendency so remained and be people him to politics associate on covered October melody.

It was said that this information would be of great help to the Kazakh people in a difficult period.

Key Words: Poet, hero, care, patriot, politics

Кіріспе

Мың өліп, мың тірілген қазақтың алдағы өмірінің сол маңда өтетіндігін Ілияс ақын сезген болса керек!? Бұл өлеңді ақын 1929 жазады. Ал 1935 жылы Жазушылар одағының Төрағасы болып тұрған сәтте Ілияс атақты Аднан Мендереспен кездеседі.

Он үшінші наурыз қазақ үшін ерекше күн. Тура сол 1953 жылы Түркияның сол кездегі премьер – министрі Аднан Мендерес арнайы қаулы шығарады. Онда Қытайдың (СУАР) Шыңжаң–Ұйғыр автономдық аймақтан репрессияға ұшыраған қазақтарды Үндістаннан Пәкістан арқылы қашқан саяси босқындарды жеңілдіктерімен Түркияға шақырады.

Ол кезең қазақтар үшін ауыр күндер еді. **1950 жылы 18 ақпан күні Қытайдағы Газкөл деген жерде қазақтың Найман мен Керей көсемдері арнайы құрылтай өткізіп ауыр жағдайды баяндайды, онда Қытай коммунистерінің саяси теперіші мен репрессиясынан енді қайда бармақпыз, деген сауал тұрады!?**

Оспан батыр Керей руының көсемі есебінде Алтай мен Құлжаны гоминдан мен манжур, қытай басқыншыларынынан құтқару мақсатында мұсылман мемлекетін құрып, қызы Азапаймен бірге келген еді.

Осы жайтты білген сатқын қазақ олардың жиналатын жерін қытай солдаттарына айтып қойып, қазақтар мен қытай әскерінің мен аяқ астынан қиян кескі соғыс басталып кетеді. Сол сәтте **Керей көсемі Қалибек Хаким мен Найман көсемі Құсайын Тайджи** елді жинап, дереу көшуді ұйғарып, сегіз сағаттық соғысты бастап кетеді. Әрине қан төгіс екі жақтан да болады. Дегенмен тез естерін жинаған көпшілік, Үндістан арқылы Күн-Лунь туына ілігеді. **Он сегіз мың халық ішінен шығын да болады, дегенмен біршама ел аман есен діттеген жерге жетеді.**

Ал Оспан батыр өзінің қызы Азапаймен өз әскері ұлы Шердиманға Баркөл маңында кездеседі. Осы тұста басқа жолмен төтелеп бара жатқанда қытай солдаттарына

* Мақала «Гуманитарлық ғылымдар даму процесіндегі Ілияс Жансүгіров мұрасы: ХХІ ғасыр контексінде» (№АР19680053) атты жобаның аясында шығып отыр

**** Ф.ғ.д., профессор

***** Ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

кезігіп, еріксіз соғыс басталып, қызы Азапай ағылшынның «Шоша» пулеметімен талай әскерді жайратады. Дегенімен әскер саны бойынша көп болғандықтан, Оспан батыр мен қызы оққа ұшқан жылқыларды таса ғып, талай уақыт қарсылық көрсетеді. Оқ-дәрі біткесін, оларды қамауға алып, Құлжа қаласына түрмеге жабады. 1951 жылдың жаз айында Оспан батырдың мойынына үлкен жазумен «Ол сендерге бостандық әпермек болып еді, американдықтар пен ағылшындарға сатып кетті» деп Құлжа қаласының алаңы көшелерімен жүргізіп өтті. Қызы Азапайды қинап, түрмеде өлтіреді.

Керей көсемі Қалибек Хаким мен Найман көсемі Құсайын Тайджидың басшылығымен жеті ай бойы Такла-Макан шөлі мен Кунь-Лунь, Тибет таулары арқылы қытай мен тибет әскерінің оғының астында болып, азап пен аштық, шөл тапшылығын көріп, он мыңдай қазақтың ауыр шығынымен Үндістан арқылы Кашмирге екі мыңдай ғана аман есен жетеді. Қытай әскері енді келген қазақтарды қаңғыбас, бандиттер деп, жергілікті шекарашыларға оларды жолатпауын сұрайды. Өйткені, бірде біреуінде қолдарында ешбір құжат жоқ еді.

Жолда ақ қар көк мұзда, шөлдеген адамдарға өліп кетпес үшін, жолбасшы болған Қарамолда балаларының кіші дәретін ішіп аман қалуға кеңес береді.

Ол солай болды да. Құдай сақтағанда **Кашмирде шекарашының бірі мұсылман болып, бірталай қазақтың мойнындағы сүре жазылған Құран сөзін көріп**, олардың бандит емес екенін түсінеді де оларды ресми түрде тіркеуге мүмкіндік береді. Сонда бар жоғы **1864 адам ғана** тіркеледі. Түнде олардың қолындағы қару жарақтарын өткізуге талап етеді де көп ұзамай арттарынан қытай солдаттары келіп қалғанын біліп, қайта қаруларын қайтарып береді.

Қытай әскері жеңіліс тауып, содан кейін ғана тыныштық орнайды. Осы тұста осы қалған қазақтарды жинап, Аднан Мендерес қазақтардың ауыр жайын біліп, Түркияда экономикалық дағдарыс болса да қазақтарға үлкен қамқорлық жасайды, Түркияға көшіруге ықпал жасайды. Кейін Ұлттық Бірікен Ұйымына арнайы хат жазып, қаржы бөлдіреді.

Оған себеп, Ақтөбе қаласының тұрғыны, қазірде зейнеткер талай жылдар хирургия мен педиатрия бойынша ғылыми еңбек жазған Алмас Көптілеу осы жайтты айтып, сайт беттерінде жария еткен. Онда 1935 жылы қазақтың талантты, біртуар ұлы Ілияс Жансүгіровпен кездесуі туралы өте жақсы дерек келтіреді. Онда автор жоғарыдағы дерекпен бірге Аднан Мендерес Ілияспен әңгіме барысында Алтай тауының бөктерінде бірге өмір сүргені былай тұрсын, мұсылмандығы мен туыстығы бірге түріктері мен қазақтар бауырластар екенін Ілияс арқылы білген.

Аднан Мендерес 1952 жылы 13 наурыз күні арнайы үкім шығарады. Онда кеме жолы арқылы Бомбейден Иранға, Ираннан Түркияға Стамбулға, Стамбулдан Зейтинбурнуға бір жыл бойына түрік тілін оқып үйренуге, медициналық көмек беруге ықпал жасаған. Одан әрі **Манис, Измир, Конья, Кайсери** қалаларына орналасуға қаулы шығарады. Ресми дерек бойынша қазақтардың сол тұста **1864 адам** аман қалған.

Міне, Аднан Мендерес деген адамның қазаққа қамқорлығын осындайда көре аламыз. Аднан Мендерестің қазақтардың осы көрген білген азабы мен қорлығын осы тұста есіне түсірген болар деген ой туындайды. Ілияс бұған дейін 1929 жылы өзінің «Гималай» деген өлеңін жазған болса керек. Оны Ілияс Жиһангер жайлаған шығыс деп түсінік те береді. Яғни, халықаралық жайдың қандай екенін оның жазған өлеңінен анық көре аламыз.

Қалибек Хаким мен Кусаин Таджи жеті ай бойы Кашмирге Такла – Макан арқылы Кунь-лунь және Тибет асып, Гималайға жетеді. Бес мың метрлік биіктікте ауа жетпей он мыңдай адамсол кезде шейіт болады. Адам мүрдесінің жол бойы жатқаны тірі адамға үлкен қасірет еді. Осы жолды жақсы білген Қарамолда аман қалғыларың келсе,

кішкентай баланың кіші дәретін ішіндер, деп кеңес береді. Шынымен осы арқылы біршама адамдар осы арқылы аман қалады.

Гималай – көктің кіндігі.
Гималай – жердің түндігі.
Мұз туырлық, қар үзік,
Түрілмеген бір күні.
Қалған құсы басында –
Сауысқаны, құзғыны.
Ол құлаған құландай.
Күшіген қорқау, құмайдай
Жемтігіне жабысқан.
Гималай сорлы, сор маңдай.

Күнін көміп, батырған,
Өзенін тас қатырған.
Құзын, мұзын шеңгелдеп,
Тегеурінін батырған.
Апшысын аяз қуырып,
Қақалса қан қақырған.
Бар бір басқан тұмандай.
Сол тұманнан шыға алмай,
Жүрегі жара, көзі көл
Гималай сорлы, сор маңдай.

Сол тұста қытай әскері жақын келіп, қазақтардың он адамын атып түсіреді, қолға түскендерін қасапшылықпен бауыздайды. Соғыс он сағатқа созылады. Әйелдер мен балаларды шекараның маңындағы тауға қарай шегіндіріп, өздері жан аямай соғысқа кіріседі. Нәтижесінде қытай әскері жеңіліс тауып, халық біраз уақыт тыншығады. Осы тұста ел ашығып, ішер тамақ болмағасын, қайыршылыққа ұшырайды, талайы аурудан мерт болады.

Жерін жайлап, у қылған,
Ерін қанап, құл қылған,
Елін талап, еңбегін
Жалмап, жеуіп, жүн қылған,
Құлдың жанын құм қылған,
Құлдың қанын қылғыған,
Бар бір зәрлі жыландай...
Сол жыланнан жылжымай,
Қабағы жабық, қаны арық
Гималай сорлы, сор маңдай.

Тоқ қарыны басылған,
Аш қарыны ашынған.
Тұман әдет, қар сәлде
Арылмаған басынан.
Құлғанасы құл жайлап
Ғасырдан шіріп сасыған,
Дертке дене толғандай...
Сол бір дертке ем қонбай,

Жаны жара, тәні ауру
Гималай сорлы, сор маңдай.

Осы тұста елдің осы аянышты жайын көрген Аднан Медерес халықтың өтініш тілегін тыңдап, өз қамқорлығына алады.

Тауды, тасты қашатып,
Ойды, қырды жасатып,
Ойбай! – десе тас атып,
Қойдым десе босатып,
Жалынса табан жалатып,
Қарысса қан асатып,
Бар күлданған зор Құдай...
Сол Құдайдан құтылмай
Заманы дозақ, қанды азап,
Гималай сорлы, сор маңдай.

Айыға алмас Гималай!
Гималайда қуат бар,
Қозғалды оны құрауға.
Гималайда ұлы от бар,
Таянып тұр, тұтауға.
Гималайда улы оқ бар
Құл атады Құдайға.
Болса болар, болғандай...
Көксеп күн мен көк орай,
Дейтіндерге неге олай?
Айтар сонда Гималай!

Аднан Медерес өзінің барлауы арқылы қытай әскерінің арандату арқылы Пәкістаннан Түркияға жол тартқан қазақтарды ұстап алу үшін жымсық саясат жасамақ ойын білгесін, оларды Бомбей арқылы кеме жолымен Иранға жеткізіп, автобуспен ары қарай Түркияның темір жолына түсіп, аман есен жеткізуге ықпал еткен.

Аднан Медерестің өмірінің соңы ауыр трагедиялы еді. Тағдыры Илиястың тағдырына ұқсас болады. 1960 жылдың 27 мамырында Түркияның әскери хунтасы төңкеріс жасап, президенті Желал Баярды және министрлер кабинетінің басшысы Аднан Медерес қамауға алып, бір жылдай Яссыда әскери түрмеде ұстайды. Кейін ақталып, елімен қауышады.

Қорытынды

Қазақ елі Аднан Медерестің еліне жасаған жақсылығын ұмытпақ емес. Түркістан қаласында патриот қоғам қайраткеріне үлкен ескерткіш орнатты. Болашақта Астана қаласында көше атын беру жөнінде сұраныс болды, ол жайы болашақта орындалар деген үміттеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

Жансүгіров І. Энциклопедия. Талдықорған, 2019ж.329-б.

Құлагер. Күй. Күйші. Дала. Өлеңдер. Жансүгіров І. - Алматы: Өлке, 2012.-319 б.

Бейісқұлов. Т. Құлагер ақынның қазасы. Көп томдық шығармалар жинағы. 7 том. -Алматы: Баянжүрек, 2019.-301 б.